

мания учебного материала, повышается познавательная активность и творческая самостоятельность. Меняется характер взаимоотношений между детьми, укрепляется дружба в классе, сплочённость класса резко возрастает, дети лучше понимают друг друга и самих себя, растёт самокритичность, они точнее оценивают свои возможности, лучше себя контролируют. Я увидела, что учащиеся готовы к переменам в личном обучении, они с интересом принимают участие в разных видах работ, хотят думать и размышлять. Если раньше слабые ученики старались отмолчаться, отсидеться, то теперь с огромным желанием и интересом принялись за учёбу, стали лучше готовиться к урокам, с интересом работают в паре и в группе. Робкие нерешительные ответы учеников стали более полными. Сами ученики отметили, что класс стал лучше работать сообща, уроки проходят интересно, живо, знания становятся прочными.

Обучая учащихся вести диалог, мы должны научить их выполнять определенные правила диалогового взаимодействия, которые гарантируют им успех коммуникации. В процессе диалогового обучения, на занятиях организуется индивидуальная, парная работа, в процессе которой изучаются различные источники информации, создаются условия для творческой деятельности. Таким образом, использование диалоговых форм на уроках позволяет нам развивать функциональную грамотность, а в результате формировать компетентно-ориентированную личность, в том числе коммуникативную и социально-адаптированную. Сегодня, как никогда, обществу нужна личность, способная сделать свой выбор и нести за него ответственность. И одна из важнейших задач современной школы – формирование функционально грамотных людей. Функциональная грамотность – это уровень образованности, дающий возможность, на основе практико-ориентированных знаний решать стандартные жизненные задачи в различных сферах деятельности. Основы функциональной грамотности закладываются в начальной школе.

Список литературы:

1. Закон «Об образовании» РК
2. Государственная Программа развития образования Республики Казахстан на 2011-2020 годы
3. Национальный план действий по развитию функциональной грамотности школьников на 2012-2016 годы,
4. Государственный общеобязательный стандарт среднего образования (начального, основного среднего, общего среднего образования), утвержденный постановлением Правительства РК от 23 августа 2012 г. 1080
5. Руководство для учителя 1 уровня
6. Батракова, С. Н. Педагогическое общение как диалог в культуре / С. Н. Батракова. – 2002, № 4.
7. Диалог на уроке в начальной школе / М. П. Воронина. – М., 2004

Нурғожина Салтанат Нуртасқызы
4курс студенті,
Габдешева Астра Ерсайыновна
шет тілі магистрі,
М.Өтемісов атындағы БҚМУ

АҒЫЛШЫН ЖӘНЕ ҚАЗАҚ ТІЛДЕРІНДЕГІ ФРАЗЕОЛОГИЯЛЫҚ ТЕҢЕУЛЕРДІҢ КОНЦЕПТІЛІК ҚҰРЫЛЫМЫ

АННОТАЦИЯ

Қандай да бір тіл болмасын оның фразеологиялық қоры ұлт мәдениетін, менталитетін, ұлттың психологиясын барынша қамтиды. Бұл мақаланың өзектілігі осы ерекшеліктерді анықтауға деген қызығушылықты тудырады. Мақсаты ағылшын және қазақ тіліндегі фразеологиялық теңеулердің айырмашылықтары мен ұқсастықтарын анықтау. Қойылған мақсатқа жетуде

лингвомәдени талдау әдісі қолданылды. Нәтижесінде қазақ және ағылшын тілдеріндегі фразеологиялардың өзіне тән ерекшеліктері анықталды.

Түйінді сөздер: лингвистика, етістік фразеологизмдер, тұрақты сөз тіркестері.

АННОТАЦИЯ

Фразеология каждого языка охватывает менталитет, психологию, культуру нации. Актуальность данной статьи определить эти особенности и тем самым вызвать интерес данной темы. Таким образом целью становится определить сходства и различия между фразеологией казахского и английского языка. Для достижения этой цели было использовано метод лингвокультурологического анализа. В результате было определено особенности фразеологии данных языков.

Ключевые слова: лингвистика, глагольные фразеологизмы, устойчивое сочетание слов.

ABSTRACT

The phraseology of each language covered by mentality, the psychology and culture of the nation. The relevance of this article to define these characteristics and thus generate interest. Thus the goal is to identify the differences and similarities between the phraseology of the Kazakh and English languages. To achieve this goal has been used linguocultural method of analysis. As a result, it determined peculiarities of phraseology of these languages.

Keywords: linguistics, verbal idioms, sustainable combination of words

Ағылшын және қазақ тілдеріндегі фразеологиялық теңеулердің мағына қалыптасу негіздері және мағыналық-тақырыптық топтары анықталып, екі тілдегі фразеологиялық теңеулердің концептілік құрылымы, концепт түрлері топталып қарастырылып, олардың ұқсастықтары мен айырмашылықтары, әр тілге тән ерекшеліктері айқындалды.

Ағылшын тілі сабағында фразеологизмдерді қолданып, түрлі әдістер, кешенді жаттығулар ұсыну арқылы оқушылардың ауызекі сөйлеу дағдыларын дамытуға әбден болады. Мұндай тапсырмалар оқушылардың қызығушылығын арттырады, әрі фразеологизмдер арқылы сөздік қорларын толықтыруға да жақсы мүмкіндік болып табылады.

Фразеологизмдерді ағылшын тілінде сөйлеу барысында қолдану жұмысының бірнеше түрлері бар:

1. Фразеологизмнің мазмұны бойынша жұмыс.
2. Фразеологизмді сөйлеу әрекетінде қолдану.

Ауызекі сөйлеу тілін жақсы меңгерген, оған жаттыққан оқушы ойын жазбаша да дұрыс, жүйелі түрде бере алады. Сондықтан, бұл екі үрдіс бір-бірімен бірлікте, байланыста қаралғанда ғана дұрыс нәтиже береді. Тіл дамытуға арналған жұмыстардың барлығы оқушылардың тіл байлығын, білім деңгейін, сана-сезімін, сауаттылығын дамытуға, ең маңыздысы, сөйлеу дағдысының дамуына көмегі зор.

Теңеу – танымдық қызметі зор, ең көне, әрі қарапайым, тілде жиі қолданылатын логикалық теңестіру тәсілі. Шындық әлемді танудың қисынды құралы бола отырып, теңеу мейлінше көп қырлы, мазмұнды тілдік құбылысты білдіреді. Ойлау өрісі ретінде теңеудің дүниені эмоционалды түрде қабылдауы және ондағы қайсы бір құбылысты салыстыра бағалау тұрғысынан қандай да бір нысанға мән берудегі салмағы ерекше. Философиялық жақтан қарастырғанда, теңеу адамның абстрактілі ойлауын дамытудың көрінісі болса, лингвистикалық тұрғыдан осы ойдың тілдік қолданыста бейнеленуі. Сонымен бірге теңеу – сипатталушы нысанның бейнелілік, көркемдік, эмоционалды-экспрессивтік сапасын күшейтетін көркемдік әдіс. Теңеу – ұқсас, ортақ белгілердің негізінде бір затты екінші затпен салыстыру арқылы сипатталушы нәрсенің бейнелілік, көркемдік, эмоционалды-экспрессивтік сапасын күшейтетін, сол нәрсені жаңа қырынан, поэтикалық қырынан таныстыратын әрі стильдік тәсіл, әрі таным құралы. Басқа тілдік бірліктер секілді тұрақты теңеулер де адамның танымдық мүмкіндігін тілдік қабілетімен сабақтастырудан бастау алатындықтан, басты назар олардың когнитивтік негіздеріне аударылады.

Фразеологиялық теңеулер фразеологизмдердің басқа түрлерінен өзінің логикалық құрылымы, компаративті мағынасы мен стильдік қызметі арқылы ерекшеленеді. Фразеологиялық теңеулер табиғатын зерттеуде фразеологиялық теңеу мен метафораның өзара байланысы, ұқсастығы мен айырмашылықтарына тоқталу қажет. Осы мәселеге

арналған ғылыми еңбектерде фразеологиялық теңеулер мен метафоралар тілде қатар қолданылады, себебі олар өзара тығыз байланысты деген пікір бар. Теңеу мен метафораның ортақтығы – олардың заттар мен құбылыстар негізінде фразеологиялық ассоциация жасауынан көрінеді. Алайда, оларды мазмұн жағынан ажыратып қарастырған жөн. Теңеуде салыстырушы теңеу заты және оған қажетті негіз бар. Ал метафораға ондай негіз қажет емес. Фразеологиялық теңеулер екі затты салыстырудың нәтижесі болса, метафоралар – олардың ұқсастығының нәтижесі *She is a fox* – ол түлкі; *She is as sly as a fox* – ол түлкідей қу, айлакер.

Фразеологизмдерге мақал – мәтелдердің қатыстылығын және олардың бір бірінен айырмашылығын фразеологизмдерге тән белгілер тұрғысынан қарап анықтауға болады. Осы тұрғыдан қарағанда, фразеологизмдерге тән құрылым тұрақтылығы, даяр қалпында жұмсалуды тиянақтылығы, бейнелілігі, мәнерлігі сияқты белгілер мақал – мәтелдерге тән.

Көркем сөз өнерінің тілдік және поэтикалық бұлақтары санатына жататын мақал – мәтелдер мән – мазмұнның тереңдігімен, өткірлігімен, өміршеңдігімен ерекшеленеді. Көлемінің ықшамдылығына қарамастан, бейнелі тілдік бірліктер нақты да күрделі ойдың себеп – салдарын, халықтың өнер тәжірибесінің қорытындысы мен дәлелін қатар білдіреді. Онда халықтың тарихы, саяси өмірі, тыныс – тіршілігі, дүниетанымы, рухани және материалдық мәдениеті жан – жақты көрініс тапқан. Терең ойды алдай қалыпқа сыйғызған халық даналығын, шешендігі мен асқан шеберлігін танытатын да осы ұлттық сипатқа ие мәдени ентаңбалы (маркерлі) тұрақты орамдар. Әрбір халықтың тарихи даму кезеңдеріндегі сан алуан өзгерістер тілдің лексикалық – грамматикалық жүйесінде өзіндік із қалдырып отырғаны белгілі, алайда, өзінің біртұтас жүйесін, тұлға – тұрпаты мен мән мағынасын сақтап қалған тілдік бірліктер – өздік құрамдағы мақал – мәтелдер.

Қазақстан Республикасының егеменді ел, халықаралық қатынастар субъектісі болуына және қазақ тілінің мемлекеттік мәртебе алуына байланысты, Республиканың, мемлекеттің тілі ретінде оның халықаралық қатынастар деңгейдегі коммуникацияда қолдану ықтималдығын жоққа шығаруға болмайды. Өзара қарым – қатынастың нығаюы, тіларалық байланыстардың, ағылшын – қазақ қостілдігінің жандануы, дамуы, осыған орай, классикалық, көркем әдеби шығармалардың, саяси ақпараттардың, халықаралық зор мәнділікке ие құжаттардың аралық тіл (язык посредник) ықпалынсыз тікелей қазақ тіліне аударылуы таяу болашақта өрістей түседі. Ал, шет тілін үйретуде және аударма жұмысында аса бір қиындық туғызатын тілдік бірліктер – фразеологизмдер мен мақал – мәтелдер. Оның себебін тілдің фразеологиялық, паремеологиялық жүйесіндегі тұрақты тіркестердің ұлттық сипатының, ұлттық нақышының ерекшелігімен түсіндіруге болады. Тілдік бірліктердің тұтас мағынасын жете түсінбей, тіркес құрамындағы сыңарлар мәнін негізге ала отырып аудару әртүрлі келеңсіз жағдайларға, «сәтсіздіктерге» ұшыратуы әбден мүмкін. Сондықтан мақал – мәтелдің тіларалық семантикасын салғастыра зерттей отырып, ондағы жалпы азаматтық, жалпы халықтық мәнділіктер мен заңдылықтар және этностық ерекшеліктерді, сондай – ақ ұлт, тіл, мәдениет және өркениеттің өзара сабақтастығын айқындау да аса өзекті мәселелер қатарына жатады.

Фразеологиялық теңеулер кез келген тілдің фразеологиялық қорының елеулі бөлігін құрайды. Теңеу – көркем ойлаудың ұлттық ерекшеліктері жинақталған, дүниетанымның ұлттық өзгешеліктері бас қосқан логика-философиялық және лингвистикалық категориялардың санатына жатады.

Теңеу лингвистикалық категория ретінде қазіргі тіл білімінің жаңа бағыттарының бәрінің де зерттеу нысаны бола алады. Бұл бағыттардың ішінде құрылымы әр түрлі тілдердегі фразеологиялық теңеулерді лингвомәдениеттану және когнитивтік лингвистиканың негізгі ұстанымдарына сүйене отырып салыстырмалы-салғастырмалы зерттеу жүргізудің мәні ерекше. Себебі халықтың дүниетанымы, өмірге және қоршаған ортаға деген көзқарасы, салт-дәстүрі, көңіл-күйі әр халықтың жалпы фразеологиясынан, оның ішінде әсіресе, фразеологиялық теңеулерден көрініс табады. Фразеологиялық теңеулер жекелеген өмір құбылысына нақты баға беретін, ғасырлар бойы атадан балаға мұра ретінде беріліп отыратын, әр халықтың өмірінен қызықты деректерді өз бойына жинақтаған халық мұрасы.

Сондықтан, туыстас, не туыстығы жоқ тілдердегі фразеологиялық теңеулерді лингвомәдени және лингвокогнитивтік тұрғыдан зерттеу әр тілдің өрнек бояуын, ұлттық ерекшелігін, менталитетін, қайталанбас қасиетін танып білуге, олардың мағына қалыптасуындағы және тілдік қолданыстағы қасиеттерін ашуға мүмкіндік береді. Осы тұрғыда туыстығы жоқ қазақ және ағылшын тілдерінің фразеологиялық теңеулерінің мағына қалыптасуының негізін ашу ерекше мәнге ие. Теңеулердің ішкі мазмұнын анықтауда уәжтану теориясына жүгінген жөн. Уәждеме теориясына сүйене отырып, бастапқы еркін тіркестер негізінде жасалған фразеологизмдердің түп төркініне зер салып, уәжін айқындау, сол арқылы тіркестің қалыптасу түп көзін тауып, өзіндік ерекшеліктерін ажырату арқылы олардың мәні мен мазмұнын ашуға болады. Фразеологизмдердің фразеологиялық мағынасы олардың ішкі мағыналық құрылымында жатқан бейне арқылы уәжделеді. Мысалы, қазақ тіліндегі *құмырсқадай құжсынаған, құмға сіңген судай, сүліктей жабысты*, ағылшын тіліндегі *dumb as a fish* (балықтай тілсіз), *as brave as a lion* (арыстандай айбатты), *dance like an elephant* (пілше билеу) сияқты тіркестердің фразеологиялық мағыналарының ішкі формасы айқын, яғни олардың мағыналары ішкі формалары арқылы уәжделіп қалыптасқан.

Сөз сөз тіркесіне сөйлемге тірек болады. Сөз жеке бір ұғымды, лексика-грамматикалық мағынаны білдіреді. Сөйлем ойды жеткізудің және қарым-қатынас жасаудың негізгі формасы ал сөз болса, сөйлем құраудың материалы және ой құраудың арқауы. Кез келген сөз бір-бірімен тіркесе алмайды. Сөздердің өзара тіркесуі олардың мағыналық-грамматикалық ерекшелігінен басталады.

Сөздердің тіркесуі екі түрлі жолмен жасалады: біріншісі – тұрақты сөз тіркесі, екіншісі – еркін сөз тіркесі. Идиомалық, фразалық тіркестер тұрақты сөз тіркестеріне жатады. Бұл мақалада қарастырылатын тақырып фразеологизмдер. Фразеологизмдерге көптеген ғалымдар көңіл бөліп және зерттеулер жүргізген. Солардың бірі орыс лингвисті, академик В.В.Виноградов фразеологизмдерді үш топқа бөледі:

1. Фразеологиялық бірліктердің білдіретін ұғымы тіркестің құрамындағы сөздермен мағыналық жағынан белгілі бір дәрежеде байланысты бейнелілігі, әсерлілігі жоғары болады. Мысалы: аузына құм құйылу, екі езуі екі құлағына жету, төбе шашы тік тұру,

2. Фразеологиялық тұтастық – тіркестің білдіретін ұғымы құрамындағы сөздердің мағыналарымен сәйкес келмейді. Мысалы: үріп ауызға салғандай, қой аузынан шөп алмас.

3. Фразеологиялық тізбектің білдіретін ұғымы құрамындағы сөз мағыналарымен байланысты болғанмен, бейнелілігі төмен болады. Мысалы: кеудесін көтеру, мойнына су кету, салы суға кету, ісі өрге жүзге жүзбеу.

Бірақ, қазақ ғалымы Кеңесбаев фразеологизмдерді фраза және идиома деп екі топқа бөледі. Мұндағы идиома дегеніміз Виноградовтың фразеологиялық тұтастық деген пікірімен сәйкес келсе, фраза Виноградовтың фразеологиялық бірлік деген пікіріне сәйкес келеді. Сонымен қатар Кеңесбаевтың ой тұжырымдамасы бойынша: фразеологиялық тіркестердің варианттары өте жақын, іштей өзектесіп жатады, айырмасы – тіркес жүйесіндегі бір немесе бірнеше компоненттері өзге сөздермен алма-кезек ауысып жатуында. Мысалы: өш алу – кек алу; тыныс алу – дем алу; ашуына тию – шамына тию, намысына тию, т.б. Ал синонимдер арасында жалпы мағына жуықтығы болғанымен, бірінде бар компонент екіншісінде ұшыраспайды. Яғни, синонимдес фразеологизмдердің компоненттері еш уақытта екі рет қайталанбайды. Мысалы: жаны тырнағының ұшына келу, төбе шашы тік тұру, көзі алақандай болу, тұла бойы түршігу .

Жалпы қазақ тілінде тұрақты сөз тіркестері фразеологизмдер деп аталады, ал ағылшын тілінде фразеология немесе идиома деп аталады. Ағылшын тіліндегі идиомаларға келер болсақ, оның өзіндік ерекшелігі бар. Мәселен: фразеологиялық тіркестер және идиомалар ертегілерде, жай және құрмалас сөйлемдерде көптеп қолданылады. «He was brave and soft hearted» деген сөйлемді алсақ, бұл жердегі *soft hearted* жұмсақ жүректі деп аударылады. Жоғарыда айтылғандай әрбір тұрақты тіркестің (идиоманың) сөйлемдегі мағынасына ерекше мән беру керек. Аталған сөйлем «ол батыл және қайырымды» деп аударылады.

Ағылшын тілінде әрбір идиома сөз таптарымен бірге қосарланып келеді. Мысалы: idioms are used with nouns, adjectives, verbs, prepositions және т.б. Егерде зат есімдермен тіркесіп келетін тұрақты сөз тіркестеріне келетін болсақ, ол екі немесе үш сөзден құралады.

Мысалы: *babes and sucklings* – бейкүнә сәбилер

body and soul – жан мен тән

heaven and earth – жер мен көк

horse and cart – ат арба

skin and bone – құр сүйек

town and country – қала мен дала

kith and kin – туған-туыс, дос жаран

profit and loss – кіріс пен шығыс

Қорыта келе, фразеологизмдер әр елдің, халықтың, ұлттың асыл қазынасы. Сол елдің тарихи көріністерінің бірі. Ата-баба қазынасы болып табылатын фразеологизмдер халықтың, бір-бірімен жалғасқан ұрпақтар арқасында міндетті түрде сақталады. Тілде фразеологизмдер сақталмай, ұрпақтан-ұрпаққа жетпеген болса, халқымыздың асыл туындылары болмаса, олар бүгінгі күнге дейін сақталып жетпесе, жұртымыздың өткен өмірінен мақрұм қалар едік. Фразеологизмдер тілдің байлығын арттыра түсетін сөздік қордың көлемді бөлігін құрап тұратын тілдік бірліктер.

Әдебиеттер тізімі:

1. Бабушкин А.П. Типы концептов в лексико-фразеологической системе языка. – Воронеж, 1996. – 104 с.

2. Исабеков С.Е. Картина Мира во фразеологических единицах неродственных языков // Актуальные проблемы межкультурной коммуникации и перевода. – Алматы, 2001. – С.13-17.

3. Мықтыбаева Т.Ж. Қазақ және ағылшын тілдеріндегі анималистік фразеологизмдердің коннотативтік семантикасы: Дисс.филол.ғ.к. – Алматы, 2005. – 132 б.

4. Оспанова Ф.А. Фразеологизмдер уәждемесінің лингвомәдени аспектісі: Дисс.филол.ғ.к. – Алматы, 2006. – 136 б.

Сакаулова Анна Сергеевна

магистр пед. наук по специальности дефектология, КГПИ

Нурова Асемгуль Кожихановна

старший преподаватель, КГПИ

Богданова Татьяна Владимировна

магистр педагогики и психологии, КГПИ

г.Костанай

СОСТОЯНИЕ ЗНАНИЙ УЧАЩИХСЯ С ТЯЖЕЛЫМИ НАРУШЕНИЯМИ РЕЧИ О НАРОДНОМ ОРНАМЕНТАЛЬНОМ ИСКУССТВЕ.

АННОТАЦИЯ

Қазіргі уақытта ең өзекті мәселесінің бірі сөйлеулерінде қиын бұзылулары бар балалармен түзету жұмысында сәндік-қолданбалы өнерінің белсенді құралдарды қолдану арқылы оқушылардың еңбек тәрбиесін және бейнелеу ойлауын дамытады. Мақалада сөйлеуінде қиын бұзылыстары бар оқушылардың ою-өрнек өнері туралы білімдерін анықтауға мүмкіндік береді. Біз түзету процесінде этнопедагогика материалдарды енгізу жолдарын, ою-өрнек, атап айтқанда элементтерін табу қажетті фактісін белгілеуге болады деректерді талдау жүргізіледі.

Түйінді сөздер: этникалық материал, ою-өрнек өнері, қазақ ою-өрнек, түзету жұмыстары, сөйлеудің қиын бұзылыстары.

АННОТАЦИЯ

В настоящее время большую актуальность приобретает проблема активного использования средств народного декоративно-прикладного искусства в коррекционной работе с детьми